

2003 жылдың жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 13 қантардағы N 1/20 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 17 қантарда N 508 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы қаласы аппарат әкімінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 7-916СК/05 хаты.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту" туралы Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылды 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы"» қаулысын іске асыру мақсатында, Алматы қаласының әкімшілігі қаулы етеді:

1. 2003 жылға ұйымдар және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің тізімдері бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау
Департаменті (Нұрланов А.Ж.):

1) қала бюджетінің 2003 жылдың қоғамдық жұмыстарын өткізуге қарастырылған қаражат шегінде бекітілген тізімдерге сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу жүргізілсін;

2) қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу екінші дәрежелі банктердегі жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүргізілсін.

3. қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы ең аз айлық екі жалақы мөлшерінде белгіленсін.

4. қалалық қаржы басқармасы (Тәжібаев К.К.) қоғамдық жұмыстарға жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге уақытында қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 жылғы 13 қантардағы N 1/20
қаулысына №N 1 қосымша

Алматы қаласындағы 2003 жылдағы ұйымдар,
қоғамдық жұмыс көлемдері мен түрлерінің
ТІЗБЕСІ*

№	Жұмыс түрлері	істейтін адам саны	Жұмыс берушілер
1.	Тұрғын ұй-коммуналдық шаруашылық үйларына көмек беру	2306	"Ісмер", "Игілік" Ассоциациялары, коммуналдық шаруашылықтарды аудандық бөлімдері, қоғамдық өзін-өзі басқару комитеті, тұрғын жай иелерінің кооперативтері
2.	Жол салу және оны жөндеу жұмыстары		Жол - пайдалану участкелері 168
3.	Жөндеу жұмыстары мен жарнамаға қатысу		"Қазак тілі" қоғамы 120
4.	Экологиялық сауықтыру және көгалдандыру мен көркейту	492	"Көгалдандыру" ("Зелен-строй") Акционерлік қоғамы, "Тәртіп" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, "Медеу мемлекеттік табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі, экологиялық инспекция
5.	Қоғамдық науқандарын үйимдастыруға көмек көрсету	1544	Ерікті халық жасақшылары, аудандық әскери комиссариаттары, төлкү жаттық стол
6.	Қала үйларына көмек көрсету	193	Бірлескен кәсіпорын "Белкомит" Акционерлік қоғамы, жерлеу салттық қызмет көрсету комбинаты, 2-ші автокөлік жөндеу бірлестігі, "Гидромаш Орион" жылу-куат жабдықтау ашық акционерлік қоғамы, "Ремдортехника" акционерлік қоғамы, Н 3 автобус паркі және т.б.
7.	Қарт азаматтар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен және басқа да Әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу	1069	"Дана" отбасын қолдау орталығы, "Мейірімділік" патронаждық қызметі, "Қамқорлық" Дағдарыс орталығы, жұқтырылған иммунтапшылығыны синдромымен күресу және оның алдын алу жөніндегі Орталық "Мөлдір" қоғамдық бірлестігі, Мүгедектер қоғамы, Аулалық клубтар, Балалар шығармашылық үйлері, Алматы қалалық жұмысқа орналасуға жәрдемдесу

қоғамы, "ибрат" көп балалы аналар қоғамы және т.б.

8.	Басқалары	108	"Әйелдер бастамаларының қалалық орталығы" қоғамдық бірлестігі, Тиімді саясат орталығы, Орта-Азиялық тұрақты даму жөніндегі ақпараттық жүйесі
	Барлығы	6000	

* Тізбе, қоғамдық жұмыстарды өткізу мерзімі - 0,5 айдан бір айға дейінгі есебінен құрылған. Жұмыс түрлеріне қатысатын адам саны, қатысу ұзақтығы қоғамдық жұмыстарды өткізуге 2003 жылы қала бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздардың еңбекақысы жергілікті бюджет есебінен ең аз екі жалақыны құрайды. Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыста пайдаланатын үйымдар қосымша ақы төлей алады. Қолданыстағы халықты жұмыспен қамту заңының қоғамдық жұмыстарда еңбекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер болған жағдайда еңбекақыны мөлшері өзгеруі мүмкін.

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК